



БҰЙРЫҚ

07.11.2023
Кульсары қаласы

ПРИКАЗ

№ 196
город Кульсары

**Ата-аналар кеңес
пункітін құру туралы.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы №249 қаулысының 118 тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**


1. КМҚК «Қызғалдак» бөбекжай-бақшасында отбасы мен баланы әлеуметтік педагогикалық қолдау мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналары үшін кеңес пункіті құрылсын.
2. Осы уақыт аралығына дейін балабақша аумағындағы балабақшамен қамтылмай отырған бала саны анықталсын.
Жауапты мейірбике Қ.Н.Рамазанова.
3. Кеңес пункітінің іс-шара жоспары жасақталып бекітілсін.
Жауаптылар: әдіскер А.Т.Құлбаева, психолог Л.Е.Шауқым.
4. Кеңес пункітіне келген ата-аналарға кеңес беретін орын психолог кабинеті болып бекітілсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау әдіскер А.Т.Құлбаеваға жүктелсін.

Негізі: Ата-аналарға кеңес беру.

**КМҚК «Қызғалдак»
бөбекжай-бақша меңгерушісі:**



Н.А.Ермекова

Келісілді: 
«Қызғалдақ» бөбекжай-
бақшасының әдіскері
А.Т.Кулбаева
«07» 11 2023ж

Бекітемін
«Қызғалдақ» бөбекжай-
бақшасының меңгерушісі
Н.А.Ермекова 
«07» 11 2023ж



«Қызғалдақ » бөбекжай-бақшасы бойынша
2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие
және оқытумен қамтылмаған балаларға
арналған кеңес беру орталығының жұмыс жоспары

Мақсаты: Отбасы мен қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету, ата-аналарға (заңды өкілдерге) психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, білім беру ұйымдарына бармайтын балалардың жеке тұлғасының жан-жақты дамуына қолдау көрсету.

Кеңес беру пунктінің негізгі міндеттері:
- мектепке дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға, (заңды өкілдерге) әдістемелік, педагогикалық және консультативтік көмек көрсету.

Р\с	Кеңес беру тақырыбы	Өткізу формасы	Өткізу уақыты	Мамандар
1	2023-2024 оқу жылындағы ата-аналарға арналған консультативтік пункт қызметінің іс-шараларымен жоспарларын ұйымдастыру	Жоспар Анықтау Толтыру	Қазан	Балабақа әкімшілігі
2	Баланың балабақшаға бейімделуі Қош келдің балақай!	Кеңес Балабақша әлемімен танысу	Қазан	Психолог Шаухым.Л.Е
3	«Қызылшпаның алдын алу»	Кеңес	Қараша	Мейірбике Рамазанова.Қ
4	«Ұяшыққа орналастыр» /Ұсақ моториканы дамыту/	Ойын	Қараша	Тәрбиеші
5	Көңілді Пішіндер	Ойын	Қараша	Психолог Шаухым.Л.Е
6	«Менің көңілді добым»	Доппен ойындар	Желтоқсан	Дене шынықтыру маманы Рахманова.Қ
7	Жаңа жыл кеші керемет	Ертеңгілік	Желтоқсан	Балабақша әкімшілігі
8	Дені саудың жаны сау	Кеңес	Қаңтар	Мейірбике Рамазанова.Қ
9	«Көңіл күйді тап»	Тренинг	Қаңтар	Психолог Шаухым.Л.Е
10	«Сүйкімді балапан» саусақпен бояу	Ойын	Қаңтар	Тәрбиеші
11	Ал балалар санайық	Ойын	Қаңтар	Тәрбиеші
12	Жолда жүріп білеміз бе?	Тренинг	Ақпан	Психолог Шаухым.Л.Е
13	Музыкалық аспаптармен танысу	Ойын	Ақпан	Саз жетекшісі Утеубаева.Г.У
14	Ұлттық ойындар	Ойын	Наурыз	Дене шынықтыру маманы Рахманова.Қ
15	Қош келдің өз наурыз!	Ертеңгілік шара	наурыз	Тәрбиеші
16	Әуенді тыңдайық	Ойын	Сәуір	Саз жетекшісі Утеубаева.Г.У
17	«Құрастыру» ұсақ моториканы дамыту	Жаттығу	Сәуір	Психолог Шаухым.Л.Е
18	Көңілді пирамида	Ойын	Мамыр	Тәрбиеші
	Ертегілер елінде	Ойын	Мамаыр	Тәрбиеші
19	Ата аналарға кеңес	Қажетіне қарай	Жыл бойы	Психолог Шаухым.Л.Е

Бекітемін _____

«Қызғардақ» бабекжайы
бақшасының директоры Шығай
Н.А.Б. Мекені: _____

«__» _____ 20__ ж.

№	Мамандар	Апта күндері	Уақыты
1	Меңгеруші – Ермекова.Н.А	Сейсенбі Бейсенбі	11:00-12:00
2	Әдіскер – Кулбаева.А.Т	Сейсенбі Бейсенбі	11:00-12:00
3	Педагог-психолог – Шаухым.Л.Е	Сейсенбі Бейсенбі	11:00-12:00
4	Медбике – Рамазанова.Қ	Сейсенбі Бейсенбі	11:00-12:00
5	Тәрбиеші	Сейсенбі Бейсенбі	11:00-12:00
6	Тәрбиеші	Сейсенбі Бейсенбі	11:00-12:00
7	Дене шынықтыру маманы - Рахманова.Қ	Сейсенбі Бейсенбі	11:00-12:00
8	Саз жетекшісі – Утеубаева.Г.У	Сейсенбі Бейсенбі	11:00-12:00

Кеңес беру орталығын құру туралы

Хаттама

Күні: 24.10.23ж

Жиналысқа қатысқан:

Күн тәртібінде: Балабақша меңгерушісі Н.А.Ермекова, балабақша әдіскері Кулбаева А, педагог психолог Шаухым Л, тәрбиешілер -17

- 1.Кеңес беру орталығын құру туралы - Н.А.Ермекова
- 2.Кеңес беру орталығының мақсат міндеттері- Кулбаева А
- 3.Кеңес беру орталығының алдағы атқаратын қызметтері - Шаухым Л

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Н.А.Ермекова сөз сөйледі. Жылыой ауданы білім бөлімінің 24.10.2023жылғы 06-01-06-09-07-09№2515 санды хаты негізінде кеңес беру орталығы құрылады. Кеңес беру орталығына мейірбике, балабақша әдіскері, психолог, дене шынықтыру пәні мұғалімі, тәрбиеші жұмылып қызмет етеді.

Балабақша әдіскері Кулбаева А екінші мәсел бойынша сөз сөйледі. Кеңес беру орталығының мақсаты балабақшамен қамтылмаған баларды ортаға бейімдеп, ағарту жұмысын жүргізу. Олардың ата аналарына кеңестер беру. Ол балаларды жан жақты мамандар көмегімен дамыту болып табылады.

Үшінші мәселе бойынша психолог Шаухым Л сөз алды. Орталық жан жақты мамандар бірлесе отырып, баланы ортаға , коммуникативті дағдыларға бейімдейді. Мысалы тәрбиеші баланы топпен жұмыс жасауға үйретсе, мейірбике салауатты өмір салтын ұстануды баяндайды. Ал педагог психолог баланың ұсақ моторикаларын әдістемелер арқылы дамытады. Дене шынықтыру пәні мұғалімі жаттығулары арқылы баланы шынықтырады.

«Қызғалдақ» бөбекжай-

бақшасының меңгерушісі: 

Н.А.Ермекова

Хатшы :



М.Ж.Досмағанбетова

**«Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасының мектепке дейінгі жастағы
балабақшамен қамтылмаған балаларды тіркеу журналы**

Р\с	Аты -жөні	Туған жылы	Денсаулық жағдайы	Мекен- жайы
1	Талғат Абдулазиз Азаматұлы	02.12.2021	Жақсы	5 ауыл 20
2	Мұхтар Хамза	07.12.2021	Жақсы	4ауыл 220
3	Мейрам Ерасыл	16.10.2020	2 топ мүгедек	И.Тайманов к, 34 үй

«Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасының
меңгерушісі:



Ермекова.Н.А

«Қош келдің балақай!» балабақшаға саяхат жұмысының

Хабарламасы

«Қызғалдақ» бөбекжай - бақшасында 31.10.23ж кеңес беру орталығының жұмысы тәрбиеленушілері мен ата - анасы «Қош келдің балақай!» тақырыбында балабақшаға саяхатқа келді.

Мақсаты : балабақшаның ішкі тынысымен танысу. Балабақшамызды кеңінен таныстыру. Саяхат барысында әдіскеріміз Кулбаева Айгул апаймыз қарсы алып , мейірбике мен психолог саяхатты ары қарай жалғастырды. Саяхат барысына дене шынықтыру залы мен балабақша топтары таныстырылды. Сонымен қатар консультативті кабинетте балалар өз қабілеттерін байқап ойын ойнады.

Педагог психолог:  Л.Е.Шаухым

КМҚК « Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасы

Тақырыбы:
«Қош келдің балақай!»

Педагог-психолог: Шаухым.Л.Е

Құлсары қаласы

Тақырыбы: «Қош келдің, балақай!» танысуға арналған психологиялық тренинг.

Мақсаты: оқушыларды бір-бірлерімен танысуға, достасуға, бір-бірлеімен достық қарым-қатынас орнатуға арналған.

1-ойын: «Танысу».

Барлығымыз шеңбер жасап отырайық. Қазір шеңбер бойымен кезекпен жүргізушінің оң жағында отырған қатысушыдан бастап, атымызды айтып танысамыз.

2- ойын « Пирамида»

Пирамиданы дұрыс құрастырып үйрену. Түстерді ажырату.

Қазір біз үлкен пирамида құрастыратын боламыз. Үлкеннен кішісіне қарай саламыз.

3-ойын «Көңіл-күйімізді жаттықтыру».

Жүргізуші: Бүгін мен сендерді актер болуға үйретемін. Мен сендерге нені көрсетіндер десем, соңы бет-әлпеттерімен бейнелейсіңдер.

1. Қабағы түйілген, ашулы адамның кейпі.
2. Қасқырдан қорыққан қоянның, ұядан түсіп қалған балапанның, мысықтан қорыққан тышқанның, иттен қорыққан баланың бет-әлпеті.
3. Жылап тұрған адамды көрсету.
4. Жай күліп тұрған адамды және қатты күліп тұрған адамды көрсету.
5. Өлең айтып тұрған адамның сезімін көрсете білу.

Қорытынды: балалар бүгінгі өткізілген тренинг сендерге ұнады деп ойлаймын.

«Баланы балабақшаға бейімдеу» атты кеңес беру жұмысының

Хабарламасы

«Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасы бақшасында 31.10.23ж кеңес беру орталығының жұмысы негізінде ата аналарға «Баланы балабақшаға бейімдеу» атты кеңес беру жұмысы жүргізілді.

Мақсаты :ата аналар баласын балабақшаға алып келген кезде кедесетін кедергілермен таныстыру. Балалардың балабақшаға бейімделуінің жеңіл өтуін қамтамасыз ету.

Кеңеске келген ата аналарға жеке және жалпылама ұсыныстар айтылды. Кеңес барысында ата аналар өздерін толғандыратын сауалдарға жауап алды. Сондай-ақ келген балаларда да жатырқау болған жоқ. Алдағы уақытта да толғандырған сауалдарыңызға жауап алу мақсатында психолог кабинетіне келуге болатыны айтылып өтті.

Педагог психолог:

 Л.Е.Шаухым



«Ұяшыққа орналастыр» атты ұсақ моториканы дамытуға арналған
ойының

Хабарламасы

«Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасында 16.11.2023 ж кеңес беру
орталағының тәрбиенушілеріне «Ұяшыққа орналастыр» атты ұсақ
моториканы дамытуға арналған ойын ойнатылды.

Мақсаты: Қол еңбегі арқылы балалардың ұсақ саусақ моторикасын
жетілдіру, пішіндерді ажырату арқылы ой-өрісін дамыту.

Ойынды балабақшамыздың білікті тәрбиешісі Коканова.Г жүргізді.
Балалар берілген пішіндерді ұяшыққа орнастыру арқылы қол
моторикасын дамытты және сергіту сәті жүргізілді.

Педагог- психолог:

Л.Е.Шаухым



